

## **Әдістемелік жұмыстың мақсаты:**

Әр оқушының өзінің білімі мен тәрбиелік деңгейін анықтап, оны әрі қарай шыңдап, бүгінгі заман талабына сай етіп, жаңа жолға бағыттау

## **Өздігінен білім алудың мақсаты:**

1. Оқу және тәрбие әдістерін жетілдіру және кеңейту мақсатында жалпы педагогикалық және психологиялық білімдерін жетілдіріп, кеңейту;
2. Өз пәнінің саласы бойынша терең білім алу;
3. Озық педагогикалық тәжірибелер мен педагогикалық ғылым жетістіктерін меңгеру;
4. Мұғалімнің жалпы біліктілік, білімділік деңгейін жетілдіру.



# Дерекнама

**Аты жөні:** Оспанова Гүлжанат  
Зейінқызы

**Туған жылы:** 20- тамыз 1985ж

**Білімі:** Жоғары

**Бітірген оқу орны:** 2011-2014

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе  
өңірлік мемлекеттік университеті

**Мамандығы:** 5B011900

«Шетел тілі-екі шетел тілі» (Бакалавр)

**Еңбек өтілі:** 8 жыл

**Санаты:** II (екінші)

**Курстан өткен жылы:**

01.04-12.04.2013 “Өрлеу”

Ақтөбе облыстық кадрлар  
біліктілігін

арттыру ұлттық орталығы» АҚ

"New approaches to teaching and learning  
English Primary Essentials"

# 1. Кіріспе

**Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық білімді және ақпараттық – коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық кұзырлы маман болу керек.**

## Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауында:

XXI ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті: Компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Өз бетінше білім  
жетілдіру көздері

Педагогикалық озат  
тәжірибені зерттеп,  
жинақтау

Педагогика ғылымы  
жетістіктерін  
жүйелі оқып-үйрену




Өзіндік іс-тәжірибе мен  
арнайы сынақ  
жұмыстарын жүргізу

Өз  
бетінше  
білім  
жетілдіру  
дің басты  
бағыттар  
ы

Кәсіби  
шеберлігін,  
пәндік  
біліктілігін  
жетілдіру

Өзіндік  
танымдық-  
шығармашылық  
қабілеттерін  
арттыру

Жалпы ой-  
өрісін кеңейту,  
жалпы білімін  
көтеру



# Білім жетілдірудің негізгі мазмұны

Әдістемелік  
білімін  
жетілдіру

Пәндік  
білімін  
жетілдіру

Теориялық  
білімін  
жетілдіру

Жалпы  
мәдени  
білімін  
жетілдіру



**Мұғалімнің өз білімін жетілдіру жұмысының мазмұны мына төмендегі бес сала бойынша жүргізіліп келеді:**

I бөлім. Саяси сауаттылықты көтеру

II бөлім. Әдістемелік білімін жетілдіру

III бөлім. Пәндік білімін жетілдіру

IV бөлім. Педагогикалық – психологиялық білімді жетілдіру

V бөлім. Жалпы мәдени білімін жетілдіру

# I бөлім. Саяси сауаттылықты көтеру

- А Білім туралы заң
- Ә Тіл туралы заң
- Б Білім саласындағы реформаларды талдау
- В 12 жылдық білім беру
- Г Қазақстан Республикасы президентінің жолдауы
- Е Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңы

## II бөлім. Әдістемелік білімін жетілдіру

- Жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық технологияларды оқып-үйрену;
- Пәнді оқытудың тиімді технологияларын, белсенді оқыту әдіс-формаларын, қазіргі талаптарға байланысты пәнді оқытудың арнайы әдістемесін оқып-үйрену;
- Озат педагогикалық тәжірибе мен педагогика ғылымының жетістіктерін оқып-үйрену, практикаға ендіру;
- Мектептегі әр түрлі әдістемелік жұмыстарға белсене қатысу;
- Педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді оқып-үйрену.

# III бөлім. Пәндік білімін жетілдіру

4. Біліктілігін жетілдіру курстарына қатысу
5. Пәндік сайыстарға қатысу
6. Пәндік әдістемелік журналдарға жазылу
7. Білім стандарттары, оқу бағдарламалары, оқу жоспарларын зерттеу, сараптау, жаңа буын оқулықтары және басқа да оқу-әдістемелік құралдарды оқып-үйрену;
8. Өз мамандығын сәйкес ғылым салалары бойынша жаңалықтарды үнемі оқып, білімін толықтырып отыру;
9. Өз пәні бойынша жаңа ақпараттар алу, жаңа білімдер игеру.

# I бөлім. Педагогикалық – психологиялық білімді жетілдіру

- Пән бойынша оқыту процесінде оқушылардың
- Психологиялық жас ерекшеліктеріне сай тапсырмалар даярлау, беру
- Оқу – тәрбиенің психологиялық заңдылығын білу
- Педагогика және психология ғылымы саласындағы жаңа көз-қарастар және тәжірибелермен танысып отыру, банк қорын жинақтау.
- Дарынды, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасау барысында мектеп психологымен диагностикалық жұмысты жетілдіру, педагогикалық тәжірибені жинақтау және қорландыру.

## V бөлім. Жалпы мәдени білімін жетілдіру

- Саяси,ғылыми-көпшілік және көркем әдебиеттерді оқу арқылы білімін тереңдету және ой-өрісін кеңейту;
- Театр, мұражай, лекторий және кітапханаларға бару, әр түрлі ғылыми-танымдық, мәдени-көпшілік шараларға қатысу;
- Этика мен эстетика, экология мен экономика мәселелерін оқып-үйрену.

**Білім жетілдіру  
жұмысының  
маңызды түрлері**

**Кәсіптік  
байқау-  
сайыстар,  
олимпиадала  
р**

**Ғылыми-  
практикалық  
конференциял  
ар мен  
семинар-  
тренингтер**


**Әдістемелік  
кеңестер мен  
пед.оқулар**

**Білім  
жетілдіру  
жұмысыны  
ң негізгі  
формалары**

**Шығармашылық  
ізденіс-зерттеу  
топтары**

**Жұптық немесе  
ұжымдық  
әдістемелік  
ізденіс  
жұмыстары**

**Жеке өзіндік  
ғылыми зерттеу  
жұмыстары**





Үш жылдық жұмыс тәжірибемде өз білімімді көтере келе қазіргі заманның талабына сәйкес өзіндік білім көтеру жоспары мына бағытта жүргізілсе деген ұсынысым бар.:

Өз бетінше білім алу әрекеті :

Психологиялық, практикалық компоненттерден тұрады.

**I. Психологиялық компоненттерге:**

1. Ақпараттық дамытушылық;
2. Мотивациялық;
3. Эмоционалдық-еріктік;

**II. Практикалық компоненттерге:**

1. Мазмұндық;
2. Операционалдық-танымдық;
3. Ұйдастырушылық

# Ақпараттық -дамытушылық

Бұл біріншіден өзінің кәсіби әрекетін жоғары деңгейде атқаруы,рефлексивтік мәдениетінің артуы үшін мұғалімнің философиялық,психологиялық,педагогикалық әлеуметтанымдық т.б білімдердің қажеттілігін сезінуі, ” педагогикалық шығармашылық” педагогикалық эксперимент сияқты ұғымдардың мәнін түсінуі;екіншіден-білімнің үздіксіз екенін ,мұғалім үшін оның тоқтауы өте қауіпті екенін ұғынуы; үшіншіден-өзінің нені білмейтінін анықтауы ,кәсіби құзырлығының деңгейін талдай алуы, өзініңәлеумет арасында қаншалықты мәртебесінің барлығын сараптай алуын білдіреді.

# Мотивациялық

Мұғалімнің танымдық қажеттіліктерімен, қызығушылықтарының дамуымен, өзінің шығармашылық әлеуетін өзінің дамытуының, өзін-өзі іске қосудың, кедергілермен шектеулерден шыға алудың жаңа мүмкіндіктерін іздестірумен байланысты.

# Эмоционалдық еріктік

Бұған мұғалімнің табандылығы, бастамашылдығы, мақсаттылығы, бағыттылығы және шығармашылық көңіл-күйі жатады.

# Мазмұндық

Мұғалімнің өз қажеттілігіне орай ақпараттық теориясын  
Әдіснамасын, әдістері мен технологиясын терең меңгеру жатады.

## Операционалдық - танымдық

Бұл мақсатты түрде оқу техникасын меңгеру, қажетті  
ақпаратты таба алу, әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс  
жасай білу, жазып, түртіп оқуды меңгеруден тұрады.

# Ұйымдастырушылық

Өз бетінше білім алушының танымдық жұмысты тиімді ұйымдастыру дағдыларын білу,  
жұмысты орындауда нақты мақсаттармен айқын міндеттер белгілей алу.

# Білім жетілдіру жұмысынан күтілетін нәтижелер

*Кәсіби білім-  
білік қорын  
молайтып,  
тиімді таңдау  
жасай алады.*

*Мақсатты  
бағытты  
педагогикалық  
үрдісті  
шығармашылықпен  
атқара алады.*

*Нәтижелі  
қызмет жасап,  
оған терең  
талдау жасай  
алады.*